Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				

Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы:Ауылда (Н. Қадырбаев) Мақсаты:халық ауыз әдебиеті шығармалары мен таныстыру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Көлік құралдары фермада **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету **Жапсыру** Мақсаты:Дайын	Тақырыбы:Санамақ Мақсаты:санамақ айту, баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Көліктер жайлауда **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорция-ларды сақтау, бөліктерді біріктіру. **Жапсыру** Мақсаты:Дайын пішіндерден гүлдердің пішінін қию және ол зат-тарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру	Тақырыбы:Жаңылтпаш Мақсаты:жаңылтпаш айту, өнеріне баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Жайлауда **Сурет салу** Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан	Тақырыбы:Айтшы, әжетай (Ж. Смақов) Мақсаты:халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Ертегі әлемі **Сурет салу** Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру **Жапсыру** Мақсаты:Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу **Құрастыру** Мақсаты:«оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.	Тақырыбы:Жұмбақ шеш Мақсаты:жұмбақ шешу өнеріне баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Туған жер **Сурет салу** Мақсаты:Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Мүсіндеу** Мақсаты:ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. **Жапсыру** Мақсаты:Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау **Құрастыру** Мақсаты:«оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.

	пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қию және ол зат-тарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру **Құрастыру** Мақсаты:Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.	**Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу	құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу		
Балалармен жеке жұмыс	**САПАРОВА РАЯНА** **Артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар айтқызу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**МАХМУТЖАНОВА РУСАЛИНА** **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру.**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**	**СЕРІК САФУРА** **Қызықты логикалық есептер шығару.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	***<u>ӘДІЛЕТҚАН АЙЛИН</u>*** **Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау.** Төлеу Шаханов тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? **(қарым-қатынас іс-әрекет)**	**ЕРКІН БАЯН** **"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. **(танымдық іс-әрекеті)**
Серуенге	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз				

дайындық	бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау-бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа Қимылды ойындар: Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту» Бөрік тіктім Он ойланып Тоғыз толғанып, Сегіз рет сызып, Жеті рет бұзып. Алты рет қарап, Бес рет санап, Төрт рет қадап. Үш тал үкі тағып, Екі қолым талып. Бір бөрік тіктім, Әзер деп біттім. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Күн ұзарып Қар еріп, Су сайларға толады Айтыңдаршы бөбектерім Бұл қай кезде болады? (көктемде) Мақал-мәтел Таудан су ақса, көктем келеді. Болжам Жерден әлі қар кеткен жоқ,ал жанға көктем секілді. Тақпақ Ой,балалар, балалар! Жылы- жылы жел соқты Жылғалардан су ақты Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті. Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей,	Күнге бақылау жасау Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Мақал Туған жердің күні де ыстық, Жұрттың бәрі оны сүйеді, Түні де ыстық Бірақ қарай алмайды (күн) Болжам Егер күн көзі қыста тұманға батса- боранға, Ал күн астынан қабатталған бұлт көрінсе- ауа райының бұзылуына. Тақпақ Күлімде,күн күлімде Жер жасарып көгерсін Кешегіндей бүгін де, Қанат қақсын көгершін Қимылды ойын «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Еңбек әрекеті Гүл тұқымын топыраққа егу.	Желге бақылау жасау. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Көркем сөз Жұмбақ Мақал-мәтел Келсе де әні құлаққа, Көшерімді жел білсін Өзін ешкім көрмейді Қонарымды сай білсін Жусан,қамыс, құраққа Тіптен маза бермейді. Болжам Наурыз айының жылы желі-жаздың жылы, жаңбырлы болуына әкеледі. Тақпақ Желдет, желдет! Жеті қара дауылдат! Өрісін құлат,баласын жылат Тайтерісін қалтырат Науа- астауын жалтырат! Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю

			алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Еңбек іс-әрекеті Топырақты тұқым салуға дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу. Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама «Ауа райын сипатта!» Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы,ашық,суық,құрғақ,желді,жаңбырлы,тұманды) Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру,өз ойын іске асыру.	Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама Тапсырма 1. Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. Қорытынды. Алдымен темір заттар қызады. Тапсырма 2. Қай зат тез ысиды? Қорытынды. Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды. Тапсырма 3. Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. Қорытынды. Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық. Өзіндік іс-әрекет Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу	барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы,жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын;ойлау қабілетін,сөздік қорын дамыту.(Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау». Өзіндік іс-әрекет Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыландырыңыз?»	«Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз»	Балалардың жұмыстарымен таныстыру.	Кеңес:«Табиғатты аяла». Мақсаты : Қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту.	Оқу қызметіндегі жетістіктерін мадақтау арқылы жеткізу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : **ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы**
Балалардың жасы:»Бусинки» ересек тобы
Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**
Жоспардың құрылу кезеңі 15.04.-19.04.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Д/О «Қайда тығылдын қуыршақ» Мақсаты:заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында)сөздермен байыту **(Сөйлеуді дамыту)**	Д/О «Тұрмыстық электротехника» Мақсаты:тұрмыстық электротехника заттарының атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)**	Д/О «Ұлттық тұрмыстық заттар» Мақсаты:ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)**	Д/О «Сипатта» Мақсаты:Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету **(Сөйлеуді дамыту)**	Д/О «Әңгіме құрастыр» Мақсаты:түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттерібойынша әңгімелер құрастыруға үйрету **(Сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Геометриялық фигуралар» Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету **(Математика негіздері)** Д/О «Бас қала» Мақсаты:Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері,	Д/О «Геометриялық денелер» Мақсаты:Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету **(Математика негіздері)** Д/О «Қауіпсіздік ережелері» Мақсаты:Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау	Д/О «Геометриялық пішіндер» Мақсаты:геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, **(Математика негіздері)** Д/О «Қауіпсіздік ережелері» Мақсаты:Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. **(қоршаған ортамен**	Д/О «Салыстыр» Мақсаты:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен немесе ұзындығы, ені, биіктігі бойынша тең). **(Математика негіздері)** Д/О «Табиғат құбылыстары» Мақсаты:Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (күн шуақты,	Д/О «Салыстыр» Мақсаты:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен немесе ұзындығы, ені, биіктігі бойынша тең). **(Математика негіздері)** Д/О «Эксперимент» Мақсаты:ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық

	ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	**(қоршаған ортамен таныстыру)** Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.	**таныстыру)** Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.	жаңбыр жауды), соған сәйкес киіну. **(қоршаған ортамен таныстыру)** «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	жағдайлардың өзгеруін бақылау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу / затсыз** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. 2. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). 3. Оңға, солға еңкею, шалқаю. 4. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. 5. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. **6.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. **7.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. **8.** Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру./ **Дене шынықтыру**				
Таңғы ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О «Санамақ» Мақсаты:Санамақтар , жаттату. **(қазақ тілі)** Д/О «Би әлемі» Мақсаты:қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, **(музыка)**	Д/О «Жаңылтпаш» Мақсаты: жаңылтпаштар жаттату, **(қазақ тілі)** Д/О«Би әлемі» Мақсаты: музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, **(музыка)**	Д/О «Жұмбақтар шеш» Мақсаты: жұмбақтар шешкізу. **(қазақ тілі)** Д/О «Көңілді әуен» Мақсаты: мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу **(музыка)**	Д/О «Табиғат құбылыстары» Мақсаты:Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **(қазақ тілі)** Д/О«Көңілді әуен» Мақсаты:Таныс әндерді	Д/О «Кітапхана» Мақсаты:Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. **(қазақ тілі)** Д/О «Оркестр»

				орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. **(музыка)**	Мақсаты:Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау **(музыка)**
ББҰкестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Сиқырлы ағаш» ойыны** **Мақсаты:** Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:**Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету.	**Дене шынықтыру** **Кеудеге арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен	**Дене шынықтыру** **Аяққа арналған жаттығулар.** **Мақсаты:**Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау.	**Музыка** **Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу(көңілді,ойнақы,сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** **Ойын:**Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады.Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап,әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді. **2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.	**Дене шынықтыру** **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы

		демалу. **Қазақ тілі** **«Төлдер»** **Мақсаты:**Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.			
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.				
	Аспанға бақылау жасау. Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Көркем сөз Жұмбақ Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (аспан мен жер) Болжам Егер көктемде ауа райының қалыптылығында таңертең дөңгеленген қабатты бұлттар көрінсе, ал кешке жоғалып кетсе- онда ауа райы жақсы, тұрақты болады. Тақпақ Қ.Аманжолов «Көктем» Сансыз көкек сұңқылдап Көктем келді ертерек	Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Бақылау Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Тақпақ Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ	Қардың алғашқы еруін бақылау Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықты дамыту. Көркем сөз Болжам Егер қар күрт еріген тұстарда көктемнің алғашқы гүлдері және өгейшөп өссе-онда наурыз айы мен көкек айының басы жылы болады. Тақпақ Көктем Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау-бақшада,орманда Құстар әні төгілді. Қимылды ойын	Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. Бақылау Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. Көркем сөз Жұмбақ Жылт-жылт еткен Жырадан өткен. (су) Болжам Егер қар тез еріп,су жылдам ақса-жаз жаңбырлы болады. Сәуірде шалғын суы мол болса-шөп көп болады. Тақпақ Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша. Қимылды ойын «Батылдар» Жылғалар мен шалшықтардан	Сүңгілерді бақылау. Балалармен бірге сүңгілерді қарау.Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді,су тамшылайды,бірақ үнемі бірдей,жылы емес;күн суық болғанда су тамшылары қатады,мұздақ төмен қарай өседі). Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. Көркем сөз Жұмбақ Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) Болжам Сүңгілер ұзын болса-көктем ұзақ болады. «Үйсіз қоян» Алаңда жалғыз аяқпен секіре білуді бекіту;белгі бойынша үйлерге кіру.(шеңбер үйлер),бірақ бір ойыншыға үй жетпейді, ол ойын бастаушы болып қалады.

	Нәзік үнмен сыңқылдап Бұйра бұлақ еркелеп Қимылды ойын «Қазым,қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу табайық» Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға,оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.	Суырды көкте қылышын Ұстаған қолдарында таяғы жоқ Нөсерлі қара бұлт төнді Күніне талай жерге кетер кезіп Тарылтып жердің тынысын Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ (бұлт) Тапа-тал түс болды ымырт Қимылды ойын «Кілттер» Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Бұлт неге ұқсайды?» Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. Өзіндік іс-әрекет Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне	«Жүгір-отыр-жүгір!» Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.(«Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады);жылдамдықты(бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс-әрекеті Терезе алдындағы бақша (суару) Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту,су бүрку.Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама. «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?» Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?» Табиғат құбылысының себеп-салдарын түсіндіру. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.	секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу.Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті Аула маңын қоқыстан тазарту Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру,жұмысты жоспарлау,бақылауды іске асыру.Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама Тапсырма 1. « Қайық қайда жүзіп барады?» Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп,оның қайда жүзетінін бақылау. Қорытынды. Су қайықты жүргізеді,жылғаның ағысына байланысты ағады. Тәжірибе. «Батады, батпайды» Түрлі материалдан жасалған заттардың қасиетін анықтау суда бататын, батпайтын;Сараптама арқылы балалардың бір қорытындыға келе білуін үйрету.Сөздік қорын молайту. Тапсырма 2. Шалшықтың суын қолымен ұстап көру. Қорытынды. Су өте салқын, себебі ауа да суық .Сондықтан өсімдік қыстан кейін жаңа оянады,бірақ өспейді. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Еңбек іс-әрекеті Аула сыпырушыға қар жинасуға көмектесу. Балаларды салыстыруға үйрету:қай жердің қарын күреу қиындау-майлы қар немесе борпылдақ қар. Өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттана білу сезімін қалыптастыру. Еңбектенуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. Тапсырма 1. «Шелекке қанша су жиналады?» Шелекті далаға бірнеше күнге қойып, төбеден аққан судың мөлшерін анықтау. Қорытынды. Су біртіндеп көбейеді,яғни,қар күннен-күнге тез ериді. Тәжірибе. Мұздақтардың астына шелек қойып, күн мол түсетін және күн түспейтін тұстарын бақылап, қай тұста шелек тез толды? Қорытынды. Жарық жақтарымен таныстыру. Мұздақтардың ұзару себебін түсіндіру. Тапсырма 2. Әртүрлі ауа райындағы тамшыны тыңдау. Қорытынды. Аязды және бұлтты күндері тамшылар жоқ. Өзіндік іс-әрекет. Балалардың ойын мазмұны мен тақырыбын жетілдіруді дамыту. Өз ойларын жүзеге

		баға беріп,құптау.			асыру,яғни ойында рөлдерге бөлуде ойыншық пен міндеттерді бөлісуде құрдастарының ойына келіспеушілік білдіру.
Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы: Айтыс Мақсаты:айтыс өнеріне баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Бас қалаға саяхат **Сурет салу** Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элемент-терін: «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу **Мүсіндеу** Мақсаты:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу **Жапсыру**	Тақырыбы: Кітапхана Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі құрастыруына мүмкіндік беру. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Қазақ оюлары **Сурет салу** Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элемент-терін: «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу **Мүсіндеу** Мақсаты:Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюлары-ның	Тақырыбы:Ұлттық тұрмыстық заттар Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Қазақ оюлары **Сурет салу** Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элемент-терін: «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу **Мүсіндеу** Мақсаты:Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы,	Тақырыбы: Сөз өнері Мақсаты:Шешендікке, сөз өнеріне баулу, (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Қазақ оюлары **Сурет салу** Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс ор-нын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу **Мүсіндеу** Мақсаты:Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюлары-ның элементтерімен безендіру **Жапсыру**	Тақырыбы:Төлдер айтысы (ертегі) Мақсаты:халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Әжеме келдім қонаққа **Сурет салу** Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс ор-нын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу **Мүсіндеу** Мақсаты:Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюлары-ның элементтерімен безендіру

	Мақсаты:Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, безендіру дағдыларын дамыту **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұр-ман, киіз үйдің жабдықтары,), таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.	элементтерімен безендіру **Жапсыру** Мақсаты:Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (әшекей бұйымдары), таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.	үшбұрыш пішіндегі қазақ оюлары-ның элементтерімен безендіру **Жапсыру** Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.	Мақсаты:Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйре-ту. **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.	**Жапсыру** Мақсаты:Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді гүлдерді, оюларды қиюда қол-дану. **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұр-ман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
Балалармен жеке жұмыс	**ЕРНАТҰЛЫ РАХАТ** **Қызықты логикалық есептер шығару.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	***ҚАЙРАТ АЙШУАҚ*** **"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. **(танымдық іс-әрекеті)**	**РАХЫМБЕК МЕРЕЙ** **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**ЕПИФАНОВ НАЗАР** **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	**ҚАДІРБЕКОВ АРМАН** **Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балаларды ұнаған суреттердің негінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Аспанға бақылау жасау. Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-	Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Бақылау Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола	Қардың алғашқы еруін бақылау Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен жазық	Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. Бақылау Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның	Сүңгілерді бақылау. Балалармен бірге сүңгілерді қарау.Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді,су тамшылайды,бірақ

	сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Көркем сөз Жұмбақ Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (аспан мен жер) Болжам Егер көктемде ауа райының қалыптылығында таңертең дөңгеленген қабатты бұлттар көрінсе, ал кешке жоғалып кетсе- онда ауа райы жақсы, тұрақты болады. Тақпақ Қ.Аманжолов «Көктем» Сансыз көкек сұңқылдап Көктем келді ертерек Нәзік үнмен сыңқылдап Бұйра бұлақ еркелеп Қимылды ойын «Қазым,қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу	бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Тақпақ Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ Суырды көкте қылышын Ұстаған қолдарында таяғы жоқ Нөсерлі қара бұлт төнді Күніне талай жерге кетер кезіп Тарылтып жердің тынысын Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ (бұлт) Тапа-тал түс болды ымырт Қимылды ойын «Кілттер» Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы	жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықты дамыту. Көркем сөз Болжам Егер қар күрт еріген тұстарда көктемнің алғашқы гүлдері және өгейшөп өссе-онда наурыз айы мен көкек айының басы жылы болады. Тақпақ Көктем Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау-бақшада,орманда Құстар әні төгілді. Қимылды ойын «Жүгір-отыр-жүгір!» Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.(«Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады);жылдамдықты(бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс-әрекеті Терезе алдындағы бақша (суару) Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту,су бүрку.Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама. «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?»	басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. Көркем сөз Жұмбақ Жылт-жылт еткен Жырадан өткен. (су) Болжам Егер қар тез еріп,су жылдам ақса-жаз жаңбырлы болады. Сәуірде шалғын суы мол болса-шөп көп болады. Тақпақ Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша. Қимылды ойын «Батылдар» Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу.Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті Аула маңын қоқыстан тазарту Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру,жұмысты жоспарлау,бақылауды іске асыру.Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама Тапсырма 1. « Қайық қайда жүзіп барады?» Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп,оның қайда жүзетінін бақылау. Қорытынды. Су қайықты жүргізеді,жылғаның ағысына байланысты ағады.	үнемі бірдей,жылы емес;күн суық болғанда су тамшылары қатады,мұздақ төмен қарай өседі). Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. Көркем сөз Жұмбақ Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) Болжам Сүңгілер ұзын болса-көктем ұзақ болады. «Үйсіз қоян» Алаңда жалғыз аяқпен секіре білуді бекіту;белгі бойынша үйлерге кіру.(шеңбер үйлер),бірақ бір ойыншыға үй жетпейді, ол ойын бастаушы болып қалады. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Еңбек іс-әрекеті Аула сыпырушыға қар жинасуға көмектесу. Балаларды салыстыруға үйрету:қай жердің қарын күреу қиындау-майлы қар немесе борпылдақ қар. Өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттана білу сезімін қалыптастыру. Еңбектенуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. Тапсырма 1. «Шелекке қанша су жиналады?» Шелекті далаға бірнеше күнге қойып, төбеден аққан судың мөлшерін анықтау.

	табайық» Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға,оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.	шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Бұлт неге ұқсайды?» Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. Өзіндік іс-әрекет Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп,құптау.	Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?» Табиғат құбылысының себеп-салдарын түсіндіру. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.	Тәжірибе. «Батады, батпайды» Түрлі материалдан жасалған заттардың қасиетін анықтау суда бататын, батпайтын;Сараптама арқылы балалардың бір қорытындыға келе білуін үйрету.Сөздік қорын молайту. Тапсырма 2. Шалшықтың суын қолымен ұстап көру. Қорытынды. Су өте салқын, себебі ауа да суық .Сондықтан өсімдік қыстан кейін жаңа оянады,бірақ өспейді. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.	Қорытынды. Су біртіндеп көбейеді,яғни,қар күннен-күнге тез ериді. Тәжірибе. Мұздақтардың астына шелек қойып, күн мол түсетін және күн түспейтін тұстарын бақылап, қай тұста шелек тез толды? Қорытынды. Жарық жақтарымен таныстыру. Мұздақтардың ұзару себебін түсіндіру. Тапсырма 2. Әртүрлі ауа райындағы тамшыны тыңдау. Қорытынды. Аязды және бұлтты күндері тамшылар жоқ. Өзіндік іс-әрекет. Балалардың ойын мазмұны мен тақырыбын жетілдіруді дамыту. Өз ойларын жүзеге асыру,яғни ойында рөлдерге бөлуде ойыншық пен міндеттерді бөлісуде құрдастарының ойына келіспеушілік білдіру.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.».	Кеңес: Өз құралдарын күтіп ұстау керектігін жиі айтып тұру.	Балалармен өз отбасылары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала мен отбасы».	«Көктем көркі» көрмесі туралы дайындықты ұйымдастыру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : **ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы**
Балалардың жасы:»Бусинки» ересек тобы
Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**
Жоспардың құрылу кезеңі 22.04.-26.04.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Д/О «Бұйымдар» Мақсаты:бұйымдар бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету (**Сөйлеуді дамыту**)	Д/О «Ертегілер әлемі» Мақсаты:шығармалардың , ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету (**Сөйлеуді дамыту**)	Д/О «Заттар мен құбылыстар» Мақсаты:бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Сөйлеуді дамыту**)	Д/О «Оқиғалар» Мақсаты:оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Сөйлеуді дамыту**)	Д/О «Ертегі келді қонаққа» Мақсаты:Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету (**Сөйлеуді дамыту**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Дене қызуын, тазалықтарын тексеру Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнату.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О«Қайда тығылды ойыншық» Мақсаты:Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), (**Математика негіздері**) Д/О «Өсімдіктер» Мақсаты:Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша) адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін	Д/О «Қайда тығылды ойыншық» Мақсаты:заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (**Математика негіздері**) Д/О «Төрт түлік және оның төлдері» Мақсаты:Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім	Д/О «Тәулік бөліктері» Мақсаты:Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен рет-тіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (**Математика негіздері**) Д/О «Жануарлар әлемі» Мақсаты:Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы,	Д/О «Кеңістік бағыттары» Мақсаты:Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (**Математика негіздері**) Д/О «Жәндіктер»	Д/О «Тәулік бөліктері» Мақсаты:Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен рет-тіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (**Математика негіздері**) Д/О «Электр құралдары» Мақсаты:Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде

